




Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

2017 жылдың қаңтар-мамыр аралығында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 5,8%-ға дейін артты. 2016 жылғы тиісті кезеңінде көрсетілген көрсеткіш -1,0% теріс аймақта болған.

Іс жүзінде ҚЭИ-ға кіретін экономиканың барлық салаларында өсу тенденциясы сақталуда.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-сәуір	2017ж. Сәуір	% -бен		2017ж. қаңтар 2017ж. наурызға
					2016ж. қаңтар-сәуірге	2016ж. Сәуірге	
А			1	2	3	4	5
1	ІЖӨ (2017ж. 1 тоқсан бойынша алдын ала деректер)	млрд.теңге	10 205,7		103,4		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	8 879,5	1 743,6	107,8	110,7	97,3
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	655,9	165,8	102,7	102,2	121,8
4	Құрылыс	млрд.теңге	806,1	284,5	105,1	103,1	141,9
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	211,8	44,9	106,5	108,5	107,3
6	Байланыс	млрд.теңге	280,9	56,8	102,4	103,9	102,5
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	3 135,8	724,8	106,2	108,9	112,2
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	2 516,6	660,5	105,2	104,3	108,3
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			107,7	107,5	100,5
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4,8			
11	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	140,2	140,5	102,4	98,8	100,7
12	Нақты жалақы индексі**	%				91,9	100,2

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-сәуір	2017ж. сәуір	% -бен		2017ж. сәуір бен 2017ж. наурызға
					2016ж. қаңтар-сәуіріне	2016ж. сәуіріне	
А			1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл. США	23,1	6,3	125,7	129,8	103,5
1.1.	- экспорт	млн. долл. США	14,9	4,0	134,0	146,1	103,5
1.2.	- импорт	млн. долл. США	8,3	2,2	113,1	108,1	103,5
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс**	мың теңге	77,1***	76,4	108,2	102,1	95,4

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЗМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, Қытай Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

** - бағалау

***- айдың орташа есебі бойынша



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2017ж. қаңтар-мамырында экономиканың барлық салаларында тек оң өзгерістер байқалуда. Экономиканың өсуіне тау-кен өндіру саласы, сондай-ақ көлік және сауда салалары елеулі үлесін қосты. Сыртқы сауда айналымда экспорттың көлемі өсуде. Жылдық инфляция бастапқы деңгейде қалды.

Оң үдерістер

№пп	2017ж. қаңтар-мамыр %-бен 2016ж. қаңтар-мамырына	Факторлар	Анықтама үшін: 2017ж. қаңтар-сәуір %-бен 2015ж. қаңтар-сәуіріне
1. ІЖӨ (2017ж. 1 тоқсан бойынша алдын ала деректер)	103,4*	экономиканың барлық салаларының өсуі, сумен жабдықтауды қоспағанда	
2. Өнеркәсіп	107,8	тау-кен өндіру мен өңдеу салалардағы көлемдердің ұлғаюы	107,1
3. Тау-кен өндіру саласы	109,2	металл кендері, шикі мұнай мен табиғи газ өндірудің өсуі	107,8
4. Өңдеу саласы	106,8	металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдері, көлік жасау, кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	106,8
5. Ауылшаруашылығы	102,7	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы (сиыр сүті мен тауық жұмыртқалары есебінен)	102,9
6. Құрылыс	105,1	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы (құрылыс жұмыстарының едәуір көлемі инженерлік ғимараттарында орындалды)	106,1
7. Көлік (жүк айналымы)	106,5	темір жол мен құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	105,9
8. Негізгі капиталға инвестициялар	105,2	тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазудағы, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операциялар мен көлік пен қоймалаудағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	105,5
9. Байланыс	102,4	желілік қызмет көрсету және мобильді интернеттен түскен кірістердің өсуі	102,0
10. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	106,2	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	105,5
11. Инфляция	107,7	инфляция деңгейі өзгеріссіз қалды (2017ж. қаңтар-сәуіріне қатысты азық-түлік тауарлар және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің бағалары қатты өзгерген жоқ)	107,7
12. Сыртқы сауда айналымы**	125,7	экспорттың пен импорттың өсуі	124,2
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт**	134,0	металдар мен металдардан жасалған бұйымдар, минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің өсуі	130,0
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт**	113,1	барлық негізгі тауар топтары импорттың өсуі, металдар мен металдардан жасалған бұйымдарды қоспағанда	115,1

**Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2017ж. қаңтар-сәуірі 2016ж. қаңтар-сәуіріне %-бен сол жақ бағанда, ал 2017ж. қаңтар-наурыз 2016ж. қаңтар-наурызына %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



Ішкі жалпы өнім


1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

2017 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ 3,4%-ға өсті

ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша 2017ж. 1-тоқсанда ІЖӨ 2016 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 3,4%-ға ұлғайып, 10,2 трлн. теңге болды.

ІЖӨ құрамындағы тауарлар мен қызметтер өндірісі тиісінше 5,7%-ға және 2,0%-ға өсті. Өнімге салықтар 4,3%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлесі тиісінше, 35,5% және 57,1% болды.




2017 ж. 1-тоқсанда тау-кен өндіру мен өңдеу өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, көлік және қоймаға алу, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты.

1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2016 ж. ішінде ІЖӨ нақты көрсеткіште 0,9%-ға өсіп, 44,9 трлн.теңгені құрады.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,4%-ға өсті, жалпы жинақтау 2,5%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 4,4%-ға, импорт 2,2%-ға төмендеді.




1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсу Қырғызстанда белгіленген

2017ж.1 тоқсанында 2016ж. салыстырғанда ІЖӨ-нің ең көп өсу Қырғызстанда (7,8%-ға өсу), Армения мен Тәжікстанда (6,5%-ға өсу) тиесілі.

Өзбекстанда ІЖӨ 0,9%-ға төмендеді.





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы

2017ж. мамырында 2016ж. мамырымен салыстырғанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 8,0%-ға өсіп, бір баррель үшін 50,9\$ болды*.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіру құрайды, 2017ж. мамырында оның үлесі 39,5% болды.


2017ж. мамырында 2016ж. мамырымен қатысты өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемі 17,3%-ға өсті, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 11,7%-ға көбейді.

Өнеркәсіптік өнім өндірісі көлемінің өсуі мұнай бағасының және мұнай өндірудің нақты көлемінің ұлғаюуына себепші болды.

*- <http://econ.worldbank.org>

**<http://stat.gov.kz>: 2017ж. сәуірдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

***ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2017ж. қаңтар-сәуірінде ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 52,7% болды), Қытайға (11,4%) және Ресейге (9,7%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2017ж. 1 тоқсанында ЕО ІЖӨ (28) 2%-ға өсті, Қытайда ІЖӨ 6,9% болды, ал Ресейде 0,5%-ға өсті.


Сыртқы сауда айналымы**2017ж. сәуір айы**

2017ж. қаңтар-сәуірінде сыртқы сауда айналымы 25,7%-ға өсті (экспорт 34,0%-ға, импорт - 13,1%-ға өсті).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 69,1%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (35,6%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың өсуі мынадай тауарлар топтарын арттыруға байланысты: минералды өнімдер - 45,1%, металдар және олардан жасалған бұйымдар - 41,0% және басқа да тауарлар - 3,7%.


Импорт, металдар мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, барлық негізгі тауарлардың топтары бойынша ұлғайды. Импорттың өсуіне барынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар (7,0%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 191,1 млн.\$ мөлшерде өскен), сонымен қатар минералды өнімдер (43,3%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 267,7млн.\$ мөлшерде өскен) елеулі үлес қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу***

2017ж. мамырды 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 1,4%-ға артып, 12,6 трлн. теңге болды

Өткен аймен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 2017ж. мамырында 0,1%-ға ұлғайды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу саласында 16,3%-ға, ауыл шаруашылығында 4,0%-ға және "өзге де" салаларда (өндірістік емес сала, жеке қызмет) -4,1%-ға байқалды. Барлық басқа салалар бойынша төмендеу байқалды.



** - өндірістік емес сала, жеке қызмет

*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша




2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Өнеркәсіптің өсу бағытына қайта оралуы

2017ж. қаңтар-мамырында өнеркәсіп 7,8%-ға жуық күшті өсуді көрсетті. 2016ж. тиісті кезеңінде осы көрсеткіш теріс аймақта (-2,2%) болды. Өсу өндіріс көлемінің ұлғаюы, шикізаттың әлемдік бағасының артуы және салыстырудың төменгі базасы аясында көрсетті.



Тау-кен өндіру көлемінің айтарлықтай ұлғаюы


2017ж. қаңтар-мамырында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 9,2%-ға өсті (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 7,8%-ға өсті). Мұнай (9,5%), көмір және лигнит (18,4%) және темір кендері (8,6%), табиғи газ (10,2%-ға) және түсті метал кендерін (11,7%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.



Өңдеу өнеркәсібінде өндірістің өсу көлемінің жалғасуы

2017ж. қаңтар-мамырында салада өндіріс көлемі 6,8%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 6,8%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 8,0%-ға (үлесі - 46,8%), азық-түлік өнімдері 8,3%-ға (үлесі - 16,4%), машина жасау 4,1%-ға (үлесі - 9,5%), кокс және мұнай өңдеу өнімдері 7,1%-ға (үлесі - 8,1%) ұлғайды.




2.2. Құрылыс

Өсудің баяулауы

2017ж. қаңтар-мамырында құрылыс жұмыстарының көлемі 5,1%-ға өсті (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 6,1%-ға өсу).

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 3,7%-ға ұлғайды (үлесі - 90,9%).

Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі тиісінше, 10,3%-ға және 36,3%-ға артты.



Ескертпе. Уақытша қатарларды маусымдық түзету Arima Census X-12 құралдарын пайдалана отырып жасалады




2.3. Ауыл шаруашылығы

Мал шаруашылығы өсудің көзі

2017ж. қаңтар-мамырында ауыл шаруашылығы 2,7%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-сәуірінде - өсу 2,9% болды). Ауыл шаруашылығының өнімін өндіру көлемінің өсуіне мал мен құсты тірі салмақта сою көлемінің 4,2%-ға ұлғаюы, шікі сиыр сүтін сауудың 2,9%-ға ұлғаюы және тауық жұмыртқалардың саны 0,9%-ға көбеюіне себепші болды.

Мал шаруашылығындағы өнімнің көлемі 2,8%-ға (үлесі - 95,9%), ал өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 1,0%-ға ұлғайды.




Қызметтер өндіру

2.4. Бөлшек сауда

Бөлшек сауда көлемінің өсуі жалғасты

2017ж. қаңтар-мамырында бөлшек тауар айналымының көлемі 6,2%-ға өсті (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 5,5%-ға өсу).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемі 13,1%-ға өсті (үлесі - 57,5%), дара кәсіпкерлердің тауарларды сату көлемі 2,8%-ға (үлесі - 42,5%) азайды.




2.5. Көлік (жүк айналымы)

Өсудің жалғасуы

2017ж. қаңтар-мамырында көліктегі жүк айналымының көлемі 6,5%-ға өсті (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 5,9%-ға өсу).

Өсуге темір жол көлігіндегі жүк айналымының 10,1%-ға (үлесі - 47,8) және құбыр желісінің 6,4%-ға (үлесі - 25,2%) ұлғаюы себепші болды.




2.6. Байланыс

Байланыс қызметінің өсуі жалғасуда

2017ж. қаңтар-мамырында байланыс қызметінің көлемі 2,4%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 2,0%-ға өсу).

Өсуге Интернет желісі қызметтерін көрсетуден түскен кірістердің 11,9%-ға (үлесі - 33,0%) және ұялы байланыстың 2,1%-ға (үлесі - 31,3%) ұлғаюы себепші болды.





3. Инфляция


3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляция өзгеріссіз қалды

2017ж. қаңтар-мамырында инфляция 7,7%-ды құрады (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 7,7%), бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды.

Айлық инфляция 0,5%-ды құрды (2017ж. сәуірінде - 0,5%).

Жылдық инфляция 7,5%-ды құрды (2017ж. сәуірінде - 7,5%).



4. Инвестициялар


4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың өсу қарқыны баяулады

2017ж. қаңтар-мамырында инвестициялар 5,2%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-сәуірінде - 5,5%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырудың 29,1%-ға (үлесі - 71,7%) ұлғаюы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті тау-кен өндіру саласы (үлесі - 39,8%), көлік және қоймалау (үлесі - 11,8) және де жылжымайтын мүлікпен операциялар (үлесі - 12,8%) енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Халықтың жұмыспен қамтылуының артуы және жұмыссыздықтың төмендеуі

2017ж. мамырында 2016ж. мамырымен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,7%-ға өсті. Тіркелген жұмыссыздар саны 2,1%-ға азайды.

Жұмыссыздық 4,8%-ды құрды.



5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістері төмендеді

2017ж. қаңтар-мамырында орташа айлық номиналды жалақы 2,4%-ға өсті.

Нақты жалақы 2017ж. мамырында сәуірге қатысты 0,2%-ға өсті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2017ж. сәуірінде 5,0%-ға қысқарды.



* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері